

**D050 – «Философия және этика» білім беру
бағдарламалары тобына докторантураға
түсушілерге арналған емтихан бағдарламасы**

1. Жалпы ережелер.

1. Бағдарлама «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығына (бұдан әрі – үлгілік қағидалар) сәйкес жасалды.

2. Докторантураға түсу емтиханы сұхбаттасудан, эссе жазудан және білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтиханнан тұрады.

Блогы	Балл
1. Сұхбаттасу	30
2. Эссе	20
3. Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан	50
Барлығы/ өту ұпайы	100/75

3. Түсу емтиханының ұзақтығы – 3 сағат 10 минут, осы уақыт ішінде оқуға түсуші эссе жазады, электрондық емтихан билетіне жауап береді. Сұхбаттасу ЖОО базасында қабылдау емтиханының алдында өткізіледі.

Түсу емтиханын өткізу тәртібі.

1. D050 – «Философия және этика» білім беру бағдарламалары тобына докторантураға түсушілер проблемалық / тақырыптық эссе жазады. Эссе көлемі – 250-300 сөзден кем болмауы керек.

Эссе мақсаты – теориялық білімге, әлеуметтік және жеке тәжірибеге негізделген өз аргументациясын құрастыру қабілетінде көрініс табатын аналитикалық және шығармашылық қабілеттер деңгейін анықтау.

2. Электрондық емтихан билеті 3 сұрақтан тұрады.

Емтихан тақырыптарының тізбесі «Ғылымның тарихы және философиясы» пәні

1 тақырып. «Ғылым тарихы және философиясының пәні. Ғылыми танымның табиғаты»

Ғылым философиясының негізгі тақырыптары. Ғылым философиясының мәселелері және нәтижелері, олардың ғылым мен философия үшін маңызы. Ғылыми білімнің даму заңдылықтары – ғылым тарихының пәні. Ғылымды зерттеудің қырлары: ғылым философиясы, ғылымтану, ғылым социологиясы, ғылым психологиясы, ғылым этикасы.

Ғылымды білім жүйесі және әлеуметтік институт ретінде түсіну. Ғылым – қоғамдық сананың формасы және қоғамның өндіргіш күші. Ғылымның мәдениеттегі орны мен рөлі туралы пікірталастар: сциентизм және антисциентизм. Интернализм және экстернализм – ғылым тарихының екі қарама-қарсы концепциясы. Қазіргі дәуірде ғылымның рөлі мен өзектілігінің артуы.

2 тақырып. «Ғылымның дүниетанымдық негіздері және қызметтері»

Ғылымның дүниетанымның басқа да тарихи түрлерімен және қоғамдық сананың формаларымен өзара байланысы. Ғылыми және қарапайым білім: қисынды ақыл және ақиқат. Ғылым – дүниені игерудің ерекше тәсілі. Ғылыми танымның ерекшеліктері. Нақты дүниені заттық және объективті зерттеу. Мәдениет типінің өзгеруінің ғылыми білімді баяндау түрлеріне, нақты дүниені көру тәсілдеріне ықпалы. Ғылыми білімнің генерациясы үдерісіне әлеуметтік-мәдени факторлардың қосылуы. Ғылымның адамның рухани қызметінің басқа түрлерімен өзара әсері. Ғылымның дамуындағы философияның дүниетанымдық рөлі.

Ғылымның қызметтерін жіктеу мәселесі. Ғылымның қызметтері. Білім беру үдерісінің негізгі құрамдас бөліктерін қалыптастырудағы ғылымның рөлі: мақсаттары, құралдары, нәтижелері, принциптері, формалары және әдістері.

3 тақырып. «Ғылым динамикасы. Қазіргі заманғы ғылым философиясының концептуалдық моделі»

Ғылым динамикасының жалпы модельдері: кумулятивтік модель және ғылыми революциялар арқылы даму. Ғылыми білімдер динамикасының үлгілері: Т. Кун, И. Лакатос, П. Фейерабенд. Ғылыми қоғамдастық ұғымы. Ғылыми парадигма, ғылыми тақырып ұғымдары. Парадигмалардың ауысуы туралы Т.Кунның концепциясы. Ғылыми революциялар және парадигмалар. Дәстүрлердің өзара әсерлері және жаңа білімнің пайда болуы. Ғылым динамикасындағы революциялар мен дәстүрлердің байланысы. И. Лакатостың ғылыми-ізденістік бағдарлама ұғымы. Ғылыми-ізденістік бағдарламадағы қатаң ядро, қорғаушы белдеу, позитивті және негативті эвристика. П. Фейерабендтің теориялық және әдістемелік плюрализмі. Анархиялық

эпистемология, теориялық релятивизм, «бәрін жасауға рұқсат» принципі. Дж. Холтонның ғылымды тақырыптық сараптауы.

4 тақырып. «Ғылым тарихы және философиясының классикалық емес және постклассикалық емес даму кезеңдерінің негізгі концепциялары мен бағыттары»

Ғылым мен ғылыми білімнің даму концепциялары. Позитивизмнің бірінші толқыны: О. Конт, Г. Спенсер, Дж. С.Милль. Э. Махтың эмпириокритицизмі. Ғылым бейнесінің ғылым философиясында өзгеруі. Логикалық позитивизм және верификация принципі. Позитивизмнің дағдарысын түсіну: Э. Гуссерль. К. Поппер эволюциялық эпистемология және фальсификация принципі туралы. М. Поланидің «көрінбейтін білім» концепциясы. Постмодернистік дискурс жаңа жанр ретінде: Р. Рорти. Қазіргі заманғы ғылымның қайшылықтары: постмодерннің жағдайы, Ж.-Ф. Лиотар.

Сызықтық емес эволюция ұғымы. Диалектика, жүйелі зерттеу және жүйелі сараптау. Жүйелі зерттеуден синергетикаға көшу. Синергетикалық парадигманың қалыптасуы. Полипәндік, пәнаралық және транспәндік: концептуалдық жіктеу. Қазіргі ғылымдағы интеграциялық үрдістер.

5 тақырып. «Ғылымның логикалық-әдіснамалық құрылымы»

Әдіснама және әдіс. Ғылыми әдіснама деңгейлері: философиялық, жалпығылымдық, нақты-ғылымдық және технологиялық.

Теория және эмпирия. Танымның эмпирикалық деңгейінің ерекшеліктері және өзіне тән белгілері. Ғылымның эмпирикалық тілінің ерекшеліктері. Негізгі эмпирикалық білімдердің, фактілердің (бақылаулардың, эксперимент пен өлшеулердің) қалыптасуы. Эмпирикалық зерттеулердің «теориялық жүктелуі».

Теориялық танымның ерекшеліктері. Теориялық танымның құрылымдық компоненттері: мәселе, гипотеза, теория. Ғылыми теорияның критерийлері. Теориялық танымның әдіс-методтары: формалдау, аксиоматикалық әдіс, гипотетикалық-дедуктивтік әдіс, абстрактылықтан нақтылыққа өту.

6 тақырып. «Ғылыми зерттеу, ізденіс стратегиялары, ғылыми ойлау стильдері»

Ғылымның мамандық пен қызметтің ерекше түрі ретінде қалыптасуы. Ғылымның идеалдары мен нормалары – ғылыми қызметтің мақсаттары және оларға жету тәсілдері туралы түсініктері. Объектіні ғылыми білімнің әртүрлі формаларында бейнелеу үрдісін реттеуші танымдық тұғырнамалар. Ғылыми ізденістің әлеуметтік нормативтері. Зерттеушілердің, ғылыми қоғамдастықтардың өзара және жалпы қоғаммен коммуникациясының ерекшеліктері. Ғылымның танымдық идеалдары – зерттеу қызметінің методтары схемасын қалыптастырушылар.

Ойлау стилі түсінігі және оның мәдени-тарихи шарттылығы. Ғылыми ізденістің идеалдары мен нормаларын әрбір ғылымның пәндік саласының

ерекшеліктеріне қатысты нақтылау. Зерттеудің идеалдары мен нормаларының құрылымы: түсіндіру мен сипаттаудың; білімнің дәлелділігі мен негізделгендігінің; білімдерді құрастыру мен ұйымдастырудың идеалдары мен нормалары. Ғылымның идеалдары мен нормаларының дүниенің ғылыми бейнесіне, теориялық модельдер мен заңдарға қатысты алғанда реттеуші рөлі.

Ғылым этосы, ғылым және құндылықтар. Ғылым этикасы және ғылымның адамгершіліктік жауапкершілігі.

7 тақырып. «Ғылым және қазіргі заманғы жаһандық өркениет дамуының философиялық мәселелері»

Қазіргі заманғы жаһандық өркениет және оның ерекшелігі, әлемнің даму реттілігіне ықпалы. А. Морган, Ф. Энгельс, М. Барг, М. Вебер, Р. Тейлордың өркениет туралы ілімдері. Тарихи және қоғамдық үдерісті өркениеттік ұстаным тұрғысынан зерттеу. Өркениеттік ұстанымның негізгі бағыттары: сызықтық-сатылық өркениеттік парадигма және локалдық өркениеттер теориясы. О.Тоффлер, С.Хантингтон ілімдері. Д.Беллдің постиндустриалдық қоғам теориясы. Г.Маклюэннің ақпараттық өркениет концепциясы.

Өркениеттік дихотомияның әлеуметтік-экономикалық сипаттамалары: батыс және шығыс. Өркениет тұрғысынан қарастырғанда қазақстандық жолдың ерекшелігі. Қазақстандық өркениеттік бірегейліктің қалыптасуы. Қазақстан және қазіргі заманның жаһандық мәселелері.

«Философия тарихы» пәні (қазіргі заман философиясы)

1 тақырып. «Жаңа Дәуір философиясы»

Капиталистік өндіріс тәсілінің қалыптасуы, шіркеу беделінің құлдырауы және ғылымның өркендеуі. Жаратылыстану ізденістерін дамытуды көздеген прогрессивті буржуазия табының пайда болуы. Таным әдістерін іздеу: эмпиризм және рационализм, материализм және идеализм. Дүниенің жаңа, механикалық бейнесі. Философияда «субъект-объект қатынастары» принципінің үстемдік етуі. Фрэнсис Бэкон – танымның эмпирикалық тәжірибесінің негізін қалаушы. «Білім – күш». Идолдар туралы ілім. Танымның индуктивтік әдісі. Рене Декарттың рационализмі. Дәлелді білімге қол жеткізудегі ойлау ережелері. Субстанция мәселесі. Рационалдық дедукция және Декарттың дуализмі. Томас Гоббстың әлеуметтік-саяси көзқарастары. Қоғамдық келісім-шарт теориясы. Джон Локк: қоғамның табиғи күйі – еркіндік пен теңдік. Биліктің үш тармағы туралы Локктың ілімі – болашақ демократиялық мемлекеттің іргетасы. Субстанция мәселесін шешудегі Бенедикт Спинозаның пантеизмі. Спинозаның этикасы: еркіндік дегеніміз танылған қажеттілік. Готфрид Лейбництің монадологиясы. Джордж Берклидің субъективтік идеализмі. Давид Юмнің солипсизмі. Ағылшын эмпиризмнің дағдарысы.

2 тақырып. «Еуропалық Ағартушылық философиясы»

Адамзат тарихындағы Ағартушылықтың әртүрлі типтерінің ортақ жақтары.

Шарль Луи Монтескье табиғи факторлардың негізінде қоғамның генезисі мен мәні туралы. Франсуа Вольтер: теңдік дегеніміз заң мен құқықтың алдында тең болу. Жан Жак Руссоның қоғамдық келісім-шарт теориясы. Феодалдық ережелердің Дени Дидро шығармаларында сыналуды. «Энциклопедияны, немесе ғылымдардың, өнерлер мен қолөнерлердің Түсіндірме сөздігін» жасау. Клод Адриан Гельвеций, Жюльен Оффрэ Ламетри және Поль Анри Гольбахтың материализмі. Ағартушылық – әлеуметтік прогресс жолы. Классикалық неміс философиясының негізгі ережелері.

3 тақырып. «XIX ғ. соңы – XXI ғ. басындағы философия»

Позитивизм: ғылымның үстемдігін және философияның пәні мен рөлін өзгертуді жариялау. Огюст Конт: философия – жаратылыстану ғылымдарының жетістіктерін жалпы қорытындылаумен айналысатын синтетикалық ғылым. Джон Стюарт Милльдің танымның индуктивтік логикалық әдістерін дамытуы. Герберт Спенсер биологиялық дүниеде эволюциялардың бар екендігі идеясы туралы. Логикалық позитивизм, аналитикалық философия – позитивизмнің үшінші кезеңі.

Герменевтика – түсінудің жалпы теориясы. Фридрих Шлейермахер: «түсінбеу – іргелі феномен». Вильгельм Дильтей: «рух туралы ғылымдардың» теориялық негіздерін жасау. Эдмунд Гуссерльдің феноменологиясы. Ханс Георг Гадамер түсіну – әлеуметтік болмысты түсінудің қажетті шарты екендігі туралы.

Экзистенциализмнің қалыптасуының әлеуметтік-философиялық алғышарттары. Серен Кьеркегор: адам – әлемдік эволюцияның мақсаты және мағынасы. Мартин Хайдеггер адамның нағыз және нағыз емес болмысы туралы. Жан Поль Сартр: адам – еркіндікті немесе еркіндік еместі таңдаушы жоба. Альбер Камю философиясындағы абсурд мәселесі.

Постмодернизм: субъектісіз философиялық пайымдау. Мишель Фуко «субъект – таным – дүние» жүйесінің элементтерінің арақатынасы мәселесін түбегейлі қайта түсіну туралы. Жак Деррида: деконструкция – мәтінді зерттеу тәсілі. Структурализм: объектілердің тұрақты логикалық құрылымдары мен байланыстарын іздеу. Клод Леви Стросстың мифологиялық ойлауды сараптауға назар аударуы. Жан Лакан: Фрейдтің психоанализін структуралистік қайта қарастыру.

Прагматизм философиясы. Чарльз Пирс рационалдық білім мен ақылды мақсат, прагматизмнің арасындағы тығыз байланыс туралы. Уильям Джеймс: білімнің ақиқаттылығы оның адамдар әрекеттеріне пайдалылығымен анықталады. Джон Дьюидің радикалдық эмпиризм философиясы.

«Қазақ философиясы» пәні

1 тақырып. «Қазақ философиясының тарихын зерттеудің

әдіснамасы және оның өзіндік төлтума болмысы»

Қазақ философиялық ойының қалыптасуы мен дамуының ерекшеліктері. Қазақ философиясы тарихының кезеңделуі. Қазақтардың көшпелі және отырықшы өмір салты, олардың бірегейлігі мен ерекшелігі. Қазақ философиясының әлемдік тарихи-философиялық жүйедегі орны мен мәні. Қазақтың әлеуметтік болмысы және ұлттық мәдениеті. Қазақ философиясының тарихы: мақал-мәтелдер, баталар және т.б. Қазақтың философиялық дәстүрі және бағыттары.

2 тақырып. «Әл-Фарабидің философиялық мұрасы»

Араб-мұсылман философиясының әмбебаптығы, энциклопедизмі, пантеизмі және перипатетизмі. «Екінші Ұстаз» – әл-Фараби білімінің энциклопедизмі. Әл-Фарабидің онтологиясы, гносеологиясы, логикасы, натурфилософиясы, этикасы, өнер философиясы. Әл-Фарабидің ізгілікті қала туралы ілімі және қазіргі заман. Әл-Фарабидің философиялық мұрасын зерттеу. Қазіргі заманғы қазақ философиясындағы фарабитанудың қалыптасуы мен дамуы.

3 тақырып. «Арғықазақ мифологиясы мен философиясы»

Арғықазақтардың дүниетанымдық бағдарлары мен бастапқы санаттары және олардың арақатынасы. Сақтардың, үйсіндердің, ғұндардың және қаңлылардың сенімдері мен мифологиясы. Көшпелі өмір салтының философиялық және дүниетанымдық мәселелері. Көшпенділік және отырықшылық. Түркілердің дәстүрлі дүниетанымы және олардың ерекшеліктері. Көне түркі жазуы. Орхон-Енисей мәтіндеріндегі дүниетанымдық бағдарлар. Түркілердің дәстүрлі дүниетанымының негізгі категориялары. Тәңіршілдік дүниетаным ретінде. Тәңіршілдік және философия.

4 тақырып. «Орта ғасыр дәуіріндегі қазақ философиясы»

Қорқыт Ата дүниетанымы. Өмір және өлім мәселелері. «Оғызнама» мәтініндегі мәдени-тарихи маңызды тұжырымдар. әл-Фарабидің философиясындағы Ақыл туралы ілім. Әлеуметтік этика. Ғылымдар жүйесі. Махмұт Қашқари: дүниетаным айшықтары. Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанындағы философиялық ойлар. Қожа Ахмет Иасауи – сопылықтың түркілік бұтағының негізін салушы. «Диуани хикметтегі» махаббат ілімі. Сопылық философиясы. Иасауидің адам бостандығы туралы ілімі. Иасауи ілімінің қазақ философиясы тарихындағы орны.

5 тақырып. «XV - XIX ғасырлардағы қазақ философиясы»

Номадтық мәдениеттің синкретизмі. XV–XVIII ғғ. жыраулар шығармашылығындағы философиялық сарындар. Қазақ хандығы қайраткерлерінің саяси-құқықтық көзқарастарындағы әлеуметтік-философиялық сарындар. «Жеті Жарғының» философиялық контексті. Мұхаммед Хайдар Дулатидың, Қадырғали Жалайырдың көркемдік, діни-

философиялық, саяси көзқарастары. Махамбет, Шернияз, Сүйімбай, Шөже, Жанак, Кемпірбай ақындардың шығармашылығындағы философиялық ой-толғамдар. Зар заман философиясы. Қазақ эпостары батырлық образдардың ролі мен маңызы.

6 тақырып. «Қазақ би-шешендігінің философиясы»

Дала шешендігі – өзіндік өркениеттік бітім. Шешендік өнердің әлеуметтік табиғаты, мәні және қызметі. Шешендік сөз өнері – философиялық феномен. Төле би, Әйтеке би және Қазыбек бидің философиялық дүниетанымдары. Қазақ ділмарлығындағы әлеуметтік бірлік философиясы. Шешендік сөз өнеріндегі саяси философия. Шешендік өнердегі саяси концепциялар (тұғырнама) және оның сабақтастығы. Қазақ ділмарлығындағы геосаяси ойлар. Қазақ ділмарларының дипломатиялық көзқарастары мен тәжірибесі. Шешендік сөз өнеріндегі билік философиясы. Шешендік өнердегі ұлттық патриотизм мәселесі.

7 тақырып. «XIX ғасырдағы қазақ ағартушылығы философиясы»

Қазақ ағартушылығының пайда болуы мен дамуы. Қазақ ағартушының негізгі ерекшеліктері және олардың тарихи шарттылығы. Шоқан Уәлихановтың философиялық және жаратылыстану ғылымдары бойынша көзқарастары. Шоқан Уәлихановтың әлеуметтік концепциясы, этикалық және эстетикалық көзқарастары. Ыбырай Алтынсарин, оның мұсылман дінбасылары мен дінді сынға алуы. Ыбырай Алтынсарин педагогикасы. Абай Құнанбаев, оның философиялық ойлау ерекшеліктері. Абайдың адамгершілік-этикалық тұжырымдамасы. Абай Құнанбаевтың ағартушылық исламы және оның қазақ халқы туралы ойлары.

8 тақырып. «XX ғасырдың басындағы ұлттық ояну философиясы»

Шәкәрім Құдайбердіұлының философиялық ілімі. Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов және олардың Қазақстанның ұлттық өзін-өзі билеу мәселесін шешуі. Міржақып Дулатов және оның қазақ халқы тарихының философиясы. Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Мұстафа Шоқай, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Ғұмар Қараш, Жақып Ақпаев және олардың «біртұтас Түркістан» идеясы.

XX ғ. қазақ интеллигенциясының шығармашылығындағы рационалистік идеялар. Қазақ халқының патриоттық белсенділікке деген дүниетанымдық бағдарының қалыптасуындағы қазақ философиясының ролі.

9 тақырып. «Тәуелсіз Қазақстан дәуіріндегі философиялық ойлардың дамуы»

Кеңестік кезеңдегі қазақстандық философияның негізгі мәселелері: диалектика мәселелерін, жаратылыстанудың философиялық мәселелерін, ұлтаралық қатынастарды, ғылыми атеизмді, қазақ қоғамдық және философиялық ойының тарихын зерттеу. Тәуелсіздік алуының алғышарттары мен рухани негіздері және оның рухани-мәдени аспектілері, ұлттық идеяларды

калыптастыру. Ұлттық идея ұғымы және оның мәні. Посткеңестік кезеңдегі қазақстандық философия: қазақ ұлттық философиясы мен мәдениетінің рухани бастауларына жүгіну, қазақ философиясындағы «ақтандақтарды» зерттеу, тәуелсіз Қазақстанды дамытудың жаңа жолдарын іздестіру, дәстүрлі және қалалық мәдениетті философиялық пайымдау, фарабитану Ренессансы. Ұлттық және мемлекеттік бірегейлік. Қазақстандық ұлттық идеялардың негізгі аспектілері. Қазақстандық патриотизмнің философиялық негіздері. Қазақ халқының мәдени және әлеуметтік бірегейлігін іздеу. Қазақ философиясы мен мәдениетінің тарихы бойынша зерттеудің қалыптасуы. Өркениеттік дамудың қазақстандық үлгісін іздестіру. Жатсыну феноменін философиялық талдау. Ғылыми зерттеу әдіснамасының мәселелері.

«Әлеуметтік философия» пәні

1 тақырып. «Әлеуметтік философия: статусы, қызметтері және мәні»

Әлеуметтік философияның ғылыми статусы. Дүниетанымдық қызметі. Әдіснамалық қызметі. Гуманистік қызметі. Жалпы мәдени қызметі. Гуманитарлық және жалпы ғылыми білім жүйесіндегі әлеуметтік философияның орны. Әлеуметтік философияның даму логикасы. Объективтілік, жан-жақтылық, адамзат тарихының мәні.

2 тақырып. «Әлеуметтік-философиялық әдіснаманың мәселелері»

Әдістер мен әдіснама және олардың деңгейлері мен типологиясы туралы жалпы түсінік. «Табиғат туралы ғылым» және «Мәдениет туралы ғылым» дилемасы: гуманитарлық ғылымның әдіснамалық мәселелердің бастамасы. Әлеуметтік таным әдіснамасы мәселелері контекстіндегі әлеуметтік философия.

Марксизмнің диалектикалық-материалистік әдіснамасы. Франкфурт мектебінің диалектикасы мен әлеуметтік философиясы. Қоғамды талдаудағы жүйелік әдіснама және синергетиканың принциптері.

3 тақырып. «Қоғам: философиялық талдаудың негіздері»

Қоғам болмысы. Қоғамдық болмыстың субстанционалдық және экзистенциалды мәні. Қоғамды философиялық талдаудың принциптері: «әлеуметтік әлемнің», қызметтің, детерминизмнің, дамудың, жүйеліліктің бірлігі. Қоғамның теориялық үлгілерін құру мәселесі. Қоғам өмірінің салалары. Ашық демократиялық қазақстандық қоғамды дамытудың жолдары мен перспективалары. Әлеуметтік философиядағы формациялық тәсіл. Әлеуметтік философиядағы өркениеттік көзқарас.

4 тақырып. «Адам болмысының әлеуметтік-мәдени негіздері»

Адамдағы биологиялық пен әлеуметтілік. Адамның әлеуметтік табиғаты туралы. Әлеуметтіліктің биологиялыққа сәйкеспеушілігі. Индивидуалдылық пен әлеуметтілік. Қоғамдық дамудың объективті заңдары және адамдардың саналы іс-әрекеттері. Тұлға ұғымы және «құрылымы». Тарихи және харизматикалық тұлғалар ұғымы. Тұлға, еркіндік, құндылықтар: ұғымы, табиғаты және мәні. Адам еркіндігінің онтологиясы, феноменологиясы, аксиологиясы және олардың өзара байланысы.

5 тақырып. «Тұлға және жеке болмыстың қоғамдық формалары»

Тұлға, оның мәні мен мағынасы басқаға деген қатынасы арқылы анықталатын ашық жүйе іспеттес. Бөгде біреу, оның индивидтің өзін-өзі айқындауы және өзін-өзі қалыптастыруы үрдісіндегі рөлі. «Индивид» және «жеке тұлға» түсініктерінің айырмашылығы. Адам - қалыптасып келе жатқан болмыс ретінде. Қоғамдық қатынастардың әртүрлілігі, индивидтің өмірлік функцияларының ортасы ретінде. Қоғамдық қатынастардың талдануы, күрделі динамикалық құрылымдармен көрсетілген (тұлғалық болмыстың кеңістігі) тұлғаны түсінудің алғышарттары. Тұлға - әлеуметтенудің күрделі үрдісі ретінде индивидтің өмір сүру уақытына тең келеді. Тұлға - болмыстық өлшемде. Әлем тұлғаның өлшемі ретінде. Құндылықтың әлеуметтік-мәдени мәртебесі және тұлғаның аксиологиялық өлшемі. Тұлғалық болмыстың құндылықтары, идеалдары және нормалары.

6 тақырып. «Әлеуметтік даму»

Қоғам тарихтың субъектісі ретінде: объективті заңдылық және адамдардың саналы қызметі. Әлеуметтік заңдылық түсінігі. Әлеуметтік даму өрлеу ретінде: бірлік мәселесі және тарихтың әртүрлілігі. Әлеуметтік детерминизмнің ерекшелігі. Тарихтың ырғағы мен кезеңі; тарихтағы қайталанушылық және «жүйелілік» идеясы. Әлеуметтік динамиканың түрлері. Әлеуметтік динамиканың циклдық түрі. Әлеуметтік динамиканың линиялық түрі. Спираль түріндегі типі. Тарихи үдерістегі революциялық және эволюциялық.

7 тақырып. «Қоғамның саяси болмысы»

Қоғам «саяси дене» ретінде: саяси жүйе түсінігі және оның элементтері. Қоғам және әлеуметтік институттар. Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам тұжырымдамасының философиялық аспектілері. Әлеуметтік философия контекстіндегі саясат философиясы және билік философиясы.

Мемлекеттің шығу тегі. Мемлекеттің ақпараттық қызметі. Мемлекет: өркениеттік мағынасы. Мемлекеттің өркениеттік функциялары. «Қоғамдық келісім» теориясын қорғау. Мемлекет және азаматтық қоғам. Азаматтық қоғамның құрылымы. Бюрократия және азаматтық қоғам. Саяси партиялар.

8 тақырып. «Қазіргі заманғы ақпараттық қоғам философиялық талдаудың объектісі ретінде»

Әлеуметтік-тарихи даму қарқынының жеделдеуі. Ақпарат әлеуметтік феномен ретінде. Бұқаралық ақпарат құралдары. Әлеуметтік коммуникацияның құрлымы. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ). Жаһандану және ақпараттық революция. Тарихи дамуды ақпараттық-коммуникациялық үдерістер арқылы ұғыну. «Коммуникация экстазы»: Ж. Бодрийяр. «Гуттенберг Галактикасынан» «Интернет Галактикасына»: Г. Маклюэн және М. Кастельс. Постиндустриалды даму теориясы және ақпараттық қоғам: Д. Белл, Дж.К. Гэлбрейт, Р. Арон, Э. Тоффлер, Ж. Бодрийяр, М. Пайор, М. Кастельс, Э. Гидденс, Д. Рисмен, П. Дракер, Й. Масуда, М. Порат және т.б. Ақпараттық өркениеттің қалыптасуы: саяси-құқықтық аспект және халықаралық құжаттарды талдау. Медиатехнологиялар мен медиасауаттылық. Қазіргі қоғамның дамуындағы желілік технологиялар. «Желілік құрылымдар қоғамы».

9 тақырып. «Әлеуметтік таным»

Әлеуметтік танымның эмпирикалық деңгейі. Қоғамтанудағы бақылау. Әлеуметтік эксперимент. Әлеуметтік танымның теориялық деңгейі. Әлеуметтік болжау болжау мен жоспарлаудың негіздері. Әлеуметтік болжам. Ғылыми болжаудың мәні. Жаһандық мәселелер алдындағы адамзат. Планеталық сананың қажеттілігі.

2. Әдебиетте тізімі

Негізгі:

1. Алтаев Ж., Қасабек А. Философия тарихы: оқулық. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 346 с.
2. Алтаев Ж., Қасабек А., Мұхамбетәли Қ. Философия тарихы: оқулық. 4-бас. – Алматы: «Дарын баспасы», 2023. – 312 с.
3. Абдильдин Ж. Абай – гениальный мыслитель и гуманист. – Нур-Султан: ЕНУ имени Л. Н. Гумилева, 2021. – 204 с.
4. Абдильдин Ж.М. Логика научной идеи и ее реализация: монография. – Нур-Султан: ЕНУ имени Л. Н. Гумилева, 2019. – 228 с.
5. Алтаев Ж. Философия аль-Фараби: монография. – Алматы: изд-во «Дарын», 2023. – 131 с.
6. Алтаев Ж. Аль-Фараби – великий мыслитель Востока: монография / Ж. Алтаев; КазНУ им. аль-Фараби. — Алматы: Қазақ ун-ті, 2018. – 207 с.
7. Алтаев Ж. Әл-Фараби философиясы. – Алматы: изд-во «Дарын», 2023. – 198 с.
8. Аль-Фараби и современность: учебное пособие. 2-е издание. – Алматы: изд-во «Дарын», 2023. – 223 с.
9. Бекежан Ө.Қ. Техника феномені: әлеуметтік-философиялық талдау. – Атырау: Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, 2016. – 232 б.

10. Ғабитов Т. Сатершинов Б. Қазақтану: Тарих философиясы. – Алматы: «Лантар books», 2022. – 234 б.
11. Ғабитов Т.Х, Сулейменов П. М. Философия общества и этика (учебное пособие). – Алматы: изд-во «Лантар», 2023. - 315 с.
12. Ғабитов Т.Х. Қазақ философиясы: Оқу құралы. – Алматы: Лантар Трейд, 2022. – 206 б.
13. Ғабитов Т.Х., Абдигалиева Г., Касабек А., Бегалинова К., Исмагамбетова З. Философия: Учебник. – Алматы: изд-во «Лантар», 2022. – 380 с.
14. Гаджиев К. С. Основы политической философии: учебник для вузов / К. С. Гаджиев. – М.: Изд-во Юрайт, 2021. - 392 с.;
15. Гобозов И. А. Социальная философия: учебник для вузов. 3-е изд., испр. и доп. - М.: Изд-во Юрайт, 2025. - 330 с.;
16. Гуревич П. С. Философская антропология в 2 т. 3-е изд., испр. и доп. – М.: Изд-во Юрайт, 2025. – 310 с.
17. Джонстон Д. Краткая история философии / пер. Е. Е. Сухарева. – М.: Астрель, 2010. – 236 с.
18. Джонстон Д. Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Дерридаға дейін. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2018. – 216 б.
19. Едильбаева С.Ж., Науанова К.М., Нигметова А.Т. Философия: учебное пособие – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 308 с.
20. Есім Ғарифолла. Ғұлама-наме: Трилогия: Хакім Абай. Данышпан Шәкәрім. Кемеңгер Мұхтар / Ғ. Есім; жауапты редакторы Т. Шаңбай; Л.Н. Гумилев атындағы ұлттық университеті. – Астана: «Хас-Сақ-2016», 2019. – 628 б.
21. Есім Ғарифолла. Дүниетаным баяны / Ғ. Есім. – Алматы: Дәуір, 2020. – 398 б.
22. Ивин А.А. Социальная философия: учебник для бакалавров / А.А. Ивин. - 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Изд-во Юрайт, 2022. - 510 с.
23. История и методология науки: учебное пособие для вузов / Б. И. Липский [и др.]; под редакцией Б. И. Липского. – 2-е изд., испр. и доп. – М.: Изд-во Юрайт, 2025. - 373 с.;
24. История и философия науки: учебник для вузов / А. С. Мамзин [и др.]; под общей редакцией А.С. Мамзина, Е. Ю. Сиверцева. - 2-е изд., перераб. и доп. - М.: из-во Юрайт, 2025. - 360 с.;
25. Карен Армстронг Иудаизм, христиандық пен исламдағы 4000 жылдық ізденіс: Құдайтану баяны / Ғылыми редактор Кенжетай Д. – Астана, 2018. – 496 б.
26. Касабек А., Алтаев Ж., Масалимова А. Казахская философия: учебник. 4-изд. – Алматы: изд-во «Дарын», 2022. – 236 с.
27. Касымжанов А.Х. Аль-Фараби / А. Касымжанов; под ред. Ж.А. Алтаева; КазНУ им. аль-Фараби. - 2-е изд. - Алматы: Қазақ ун-ті, 2019. — 201 с.

28. Кенжетаяев Д.Т. Иасауи философиясы: оқулық. – Алматы: «Асыл ЖК», 2024. – 228 б.
29. Кенжетаяев Д.Т., Мырзабеков М. Ислам философиясы: оқулық. – Алматы: «Асыл ЖК», 2024. – 336 б.
30. История философии. XX век – начало XXI века: учебник для вузов / под редакцией А. С. Колесникова., 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Издательство Юрайт, 2025. – 299 с. Коплстон Ф. История философии. XX век. – М.: Litres, 2020. – 283 с.
31. Қасабек А., Алтаев Ж., Масалимова А. Қазақ философиясы: оқулық. 4-бас. – Алматы: «Дарын баспасы», 2022. – 269 б.
32. Қасабек А., Алтай Ж. Қазақ философиясы. – Алматы: Эверо баспасы, 2016. – 212 б.;
33. Қасабек А., Алтай Ж. Қазақ философиясы. – Алматы: Эверо, 2016. – 212 б.
34. Құранбек Ә.А., Аташ Б.М. Философия: оқулық. – Алматы: «Kazakhstancontent» баспасы. – 800 б.
35. Лавриненко В.Н., Чернышова Л.Н., Кафтан В.В. Философия в 2 т. Том 2. Основы философии. Социальная философия. Философская антропология 7-е изд., пер. и доп. Учебник и практикум для вузов. – М.: Литрес. – 284 с.
36. Лебедев С.А. Философия науки: учебное пособие для вузов / С. А. Лебедев. - 2-е изд., перераб. и доп. – М.: Изд-во Юрайт, 2025. - 296 с.
37. Липский Б.И. Философская антропология. Социальная философия: учебное пособие для вузов / Б.И. Липский, Б.В. Марков. – М.: Изд-во Юрайт, 2025. - 169 с.
38. Лифанова Т.Ю. Критическое мышление: учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 178 с.
39. Маккиннон Б., Фиала Э. Этика: Теориясы мен қазіргі мәселелері. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020. – 868 б.
40. Масалимова А. Р., Алтаев Ж.А., Касабек А.К. "Казахская философия". Учебное пособие. – Алматы, 2018.
41. Масалимова А. Р., Алтаев Ж. А., Касабек А.К. "Казахская философия". Учебное пособие. – Алматы, 2018
42. Митрошенков О.А История и философия науки. Учебник для вузов. – М.: ЛитРес, ЮРАЙТ, 2018, 2025–267 с.;
43. Нурышева Г. Ж. Философиялық антропология: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2017– 170 б.
44. Нұрадин Г.Б. Практикалық философия. Оқу құралы. – Алматы: «Лантар books», 2022. – 234 б.
45. Нұрышева Г.Ж. Философиялық антропология: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 170 б.
46. Нұрышева Г.Ж. Философия: оқулық. – Алматы: «Дарын баспасы», 2024. – 282 б.
47. Орынбеков М. С. Предфилософия протоказахов. - Алматы : Өлке, 1994. - 209 с.

48. Орынбеков М.С. Ежелгі қазақтың дүниетанымы. – Алматы, Ғылым, 2005.
49. Политическая философия: учебное пособие для вузов / Г.Л. Тульчинский, А.А. Балаян, И.В. Сохань, А.Ю. Сунгуров; под общей ред. Г.Л. Тульчинского. – М.: Изд-во Юрайт, 2024. - 324 с.
50. Раев Д.С. Қазақ шешендік өнері философиясы. – Алматы, 2011. – 264 б.
51. Расторгуев В.Н. Философия политики. Методология политического планирования: учебное пособие для вузов / В.Н. Расторгуев. 2-е изд., испр. и доп. – М.: Изд-во Юрайт, 2025. - 252 с.
52. Сегізбаев О.А. "Қазақ философиясының тарихы". /перевод. Нұрышевой Г.Ж., М.Сабит, 2017;
53. Сегізбаев О.А. История казахской философии: От первых архаичных представлений древних до философии развитых форм первой половины XX столетия. – Алматы, Ғылым, 2001. – 456 с.
54. Сегізбаев О.А. Қазақ философиясының тарихы (Ежелгі түсініктерден ХІХ-ХХ ғасырдың бірінші жартысының ілімдеріне дейін): оқу құралы / О.А. Сегізбаев, орыс тілінен ауд. Г.Ж. Нұрышева, М.С. Сәбит. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 330 б.
55. Сегізбаев О.А. Қазақ философиясының тарихы / Аударған Г.Ж. Нұрышева, М. Сәбит. – Қазақ ун-ті, 2017. – 330 б.
56. Соловьева Г.Г. Современная западная философия (компаративистские исследования). Монография в 2-х т. / Под. общ. ред. З.К. Шаукеновой. Т. 1. – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2012. – 316 с.
57. Спиркин А. Г. История философии: учебник для вузов. – М.: Изд-во Юрайт, 2025. – 136 с.
58. Спиркин А.Г. Социальная философия и философия истории: учебник для вузов / А.Г. Спиркин. – М.: Изд-во Юрайт, 2025. - 184 с.
59. Степанович В. История философии. Том 2. Неклассическая философия ХІХ–ХХ веков. - М: Litres, 2018. – 400
60. Степин В.С. Философия и методология науки. Избранное. – М.: Академ. Проект, 2017. – 424 с.
61. Сулейменов П.М. Әлеуметтік философия: оқу құралы – Алматы: Қазақ университеті, 2018. - 225 б.
62. Телебаев Г.Т. Горизонты социально-гуманитарных наук. Учебное пособие. – Алматы, 2020. – 232 б.
63. Түркі философиясы антологиясы. 6 томдық. 1-том: Исламға дейінгі түрік философиясы; 2-том: әл-Фараби философиясы; 3-том: Түрік-ислам философиясы; 4-том: Тарих философиясы және т.б. / Бас редактор Ж.Қ. Түймебаев / Құраст. Т.Х. Ғабитов, Ж.А. Алтаев және т.б. – Алматы: Дарын, 2024.
64. Уолф Д. Саясат философиясына кіріспе. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы. – 2020. – 232 б.

65. Философиялық энциклопедия / Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық ун-ті, Философия, саясаттану және дінтану ин-ты / Құраст. Т.Х. Ғабитов, С.Е. Нұрмұратов. – Алматы: «Лантар books», 2022. – 614 б.

66. Хесс Р. "Философияның таңдаулы 25 кітабы". Ғылыми ред. Раев Д.С. – Астана, 2018.–360 с.;

67. Baitenova N.Zh., Syrgakbayeva A.S., Jekebayeva M.A. Philosophy: Educational manual. – Алматы: Қазақ университеті, 2021.– 260 p.

68. Cappelen H., Gendler T., Hawthorne J. The Oxford Handbook of Philosophical Methodology. – Oxford University Press, 2016.

69. Estlund D. The Oxford Handbook of Political Philosophy. – Oxford University Press, 2017.

70. Humphreys P. The Oxford Handbook of Philosophy of Science. – Oxford University Press, 2016.

71. Jakypbek Altayev. Philosophy of al-Farabi. Monograph. – Алматы: изд-во «Дарын», 2023. – 95 p.

72. Johnston D."A Brief History of Philosophy: From Socrates to Derrida". – A&C Black, 2006. – 211 p.

73. Johnston D.A. Brief History of Philosophy: From Socrates to Derrida. – A&C Black, 2006. – 211 p.

74. Karen Armstrong A History of God: The 4000-year quest of judaism, christianity and islam. – Gramercy Books, 2014. – 496 p

75. Kenny A.New History of Western Philosophy. Volume 1-4. – Oxford University Press, 2006–2010.

Қосымша:

1. Нұрышева Г.Ж. Философия пәнінен хрестоматия. 1-том: оқу құралы. – Алматы: «Дарын баспасы», 2023. – 333 б.

2. Нұрышева Г.Ж. Философия пәнінен хрестоматия. 2-том: оқу құралы. – Алматы: «Дарын баспасы», 2023. – 378 б.

3. Нұрышева Г.Ж. Философия пәнінен хрестоматия. 3-том: оқу құралы. – Алматы: «Дарын баспасы», 2023. – 288 б.

4. Абайдың философиялық іліміндегі «толық адам» тұжырымдамасы және қазіргі заман. Ұжымдық монография. – Алматы: ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2022. – 290 б.

5. Батыс философиясының жаңа тарихы, 4-том. Қазіргі заман философиясы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 420 б.

6. Кенни Э. Батыс философиясының жаңа тарихы, 3-том. Қазіргі заман философиясының бастауы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 412 б.

7. Кенни Э. Батыс философиясының жаңа тарихы. 1-том, Антика философиясы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 408 б.

8. Кенни Э. Батыс философиясының жаңа тарихы. 2-том, Орта ғасыр философиясы. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 400 б.
9. Бергсон А. Творческая эволюция. - М.: ЛитРес, 2018. – 210 с.; Хесс Р. "Философияның таңдаулы 25 кітабы". Ғылыми ред. Раев Д.С. – Астана, 2018. – 360 с.
10. Бодрийяр Ж. Общество потребления. - М.: Издательский дом ЛитРес, 2019. – 240 с.;
11. Волков В. Постмодерн и его интерпретации. – М: Litres, 2018;
12. Лиотар Ж.-Ф. Состояние постмодерна. – СПб., 2014
13. Машанов А. Әл-Фараби және Абай: жинақ / А. Машанов. - Алматы: Қазақ ун-ті, 2020. - 216 б.
14. Барышников П.Н. Философия языка: исторические перспективы : учебник для вузов / П. Н. Барышников. - 2-е изд., перераб. и доп. - М.: Изд-во Юрайт, 2020. - 409 с.
15. Хёсле В., Зиммель Г., Нанси Ж.-Л., Тоффлер Э. и др. Апокалипсис смысла. Сборник работ западных философов XX – XXI вв. - М: Litres, 2018. – 280 с.;
16. Васюков В.Л. Формальная феноменология. – М.: Юрайт, 2024. – 210 с.
17. Докучаев И. И. Эдмунд Гуссерль. - Санкт-Петербург: Наука, 2017. - 288 с.
18. Бенуа П. Деррида. - М.: ЛитРес, 2018. – 940 с.
19. Хайдеггер М. О существе человеческой свободы. Введение в философию. - СПб.: «Владимир Даль», 2018. - 416 с.
20. Хайдеггер М. Понятие времени. - М.: Изд-во «Владимир Даль», 2021. - 199 с.
21. Хайдеггер М. К философии (о событии). – М: ЛитРес, 2020. – 626 с.
22. Витгенштейн Л. Логико-философский трактат. - М: Litres, 2018. – 110 с.
23. Мырзалы С.К. Ғылымның тарихы мен философиясы. – Алматы: Бастау, 2014.
24. Философия науки. Общие проблемы науки. Методология естественных и гуманитарных наук: хрестоматия / отв. ред. – сост. Л.А. Микешина. – М., 2015
25. Лэйси Х. Свободна ли наука от ценностей? Ценности и научное познание. – М., 2011
26. Эволюционная эпистемология и логика социальных наук. К. Поппер и его критики / Отв. ред. В.И. Садовский, – М., 2012
27. Кенжебаев С.Ж. Ғылым тарихы мен философиясы: оқу құралы – Алматы: Қазақ университеті, 2017–284 б.
28. Абачиев С.К. Социальная философия + словарь-справочник в ЭБС: учебник для вузов / С.К. Абачиев. - 2-е изд., испр. и доп. – М.: Изд-во Юрайт, 2024. - 321 с.

29. Қазақстан на пути построения общества знания (философское исследование). Коллективная монография / Под общ. ред. Бижанова А.Х. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2017. – 398 с
30. Шайкемелев М.С. Казахская идентичность в контексте модернизации общества. Монография. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2020. – 230 с.
31. Алексеев П. В.. Власть. Философия. Наука. - М.: Проспект, 2014. - 448 с.
32. Липсет М. Политический человек: социальные основания политики. - М.: Мысль, 2016. - 612 с.
33. Фуко М. Интеллектуалы и власть В 2-х ч.. М.: Праксис, 2017. – 248 с.; }=
34. Барлыбаева Г.Г. Философская этика казахов / Под общ.ред. А.Х. Бижанова. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2018. – 274 с.
35. Қазақтардың рухани әлемі: әл-Фарабиден Абайға дейін. Ұжымдық монография / З.К. Шаукенова және С.Е.Нұрмұратовтың жалпы редакциясымен. Духовный мир казахов: от аль-Фараби до Абая. Коллективная монография/ Под общ. ред. З.К. Шаукеновой и С.Е. Нурмуратова. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2016. – 460 б.
36. Каган М.С. Философия культуры: учебное пособие для вузов / М.С. Каган. – М.: Изд-во Юрайт, 2025. - 353 с.
37. Рассел Б История западной философии. В 3 тт. - М: Litres, 2017; Хесс Р. "25 ключевых книг по философии". – М.: Урал LTD, 2000. – 368 с.,
38. Рассел Б. Батыс философиясының тарихы – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020. – 896 б.